**СИЛЛАБУС**
**2023-2024 оқу жылының көктемгі семестрі**
**«7М02211 – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өздік жұмысын (БӨЖ) *БӨЖ, МӨЖ, ДӨЖ оқыту деңгейіне қарап енгізіңіздер* | Кредиттер саны | | | Кредит-тердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өздік жұмысы (ОБӨЖ) *ОБӨЖ,ОМӨЖ, ОДӨЖ оқыту деңгейіне қарап енгізіңіздер* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақтар (ЗС) | | |
| **Этникалық конфликтология** | *СӨЖ* саны 7 | 30 | - | | 3 | *ОБӨЖ* саны 6-7. Бұл БӨЖ дайындау бойынша оқытушының кеңес беру бойынша көмегі. . |

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

| Оқыту түрі | Циклы, компоненті | Дәріс түрлері | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платфомасы |
|---|---|---|---|---|
| *Оффлайн/онлайн/ гибрид бірін таңдау* | | | | Жазбаша |
| **Дәріскер (лер)** | Қалыш Аманжол Боранбайұлы | | | |
| **e-mail:** | kalyshamanzhol@gmail.com | | | |
| **Телефоны:** | 8 702 379 95 33 | | | |
| **Ассистент (тер)** | | | | |
| **e-mail:** | | | | |
| **Телефоны:** | | | | |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

ОН когнитивтік (1-2), функционалдык (2-3), жүйелілік (1-2), барлығы 4-5 құзыреттіліктер негізінде құралады. Магистратура мен докторантура деңгейлеріндегі ОН білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылғандығын көрсетуі керек:
зерттеу жүргізуге қабілеттілігі және оның нәтижелерін тарату.
Құзыреттіліктердің (5-тен тұратын) түрлері мен саны оқыту деңгейін есепке алу негізінде құралады.

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| Аталмыш пән этникалық қақтығыстардың типлогиясын, ерекшеліктерін, классификацияларын, дамуын және қазіргі Қазақстан Республикасының саясатының этносаралық қатынастардың іргелі теориясы, сипаты мен ерекшеліктерін қарастыру және ұлтаралық қақтығыстар тәжірибесін жалпылау қажеттілігін айғақтайды. Сонымен қатар магистранттарға соңғы кезеңдегі жағдайын | 1. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы және басқа да елдердегі конфликтологияның дамуының негізгі бағыттарын және т. б. формаларын қосып алғанда, осы саладағы зерттеудің теориясы мен әдіснамасының ерекшелігін жүйелі түрде ұсыну және тану қабілеті | 1.1 Қазақстандағы және басқа да мемлекеттердегі этникалық қақтығыстардың басым болу беталысын, сондай-ақ, оларға әлеумет-тік-экономикалық және ұлтаралық факторлардың ықпал ету дәрежесін анықтау. |
| | | 1.2 Қарастырып отырған мәселенің көп қырлылығын меңгере отырып, олардың жалпы теориясы мен тәжірибесіндегі ерекшелік-теріне анализ/ талдау жасау. |
| | 2. Ғылыми білім мен методологиялық зерттеулерді қолдану; мәселеге қатысты талдау жасау қабілетін қалыптастыру; білім берудің кәсіби-тәжірибелік дағдыларын әлемдік тарихта игеру. | 2.1 Талдап отырған үдерістердің түрлі аспектілерін гуманитарлық білім жүйесіндегі және |

| | | |
|---|---|---|
| кешенді түрде талқылайды. Бұл мәселелерді шешу осы пәннің мақсаты болып табылады. | | ғылыми зерттеу дамуындағы дағдыларын меңгеру. |
| | | 2.2 Аталмыш мәселенің республикалық және аймақтық ерекшеліктерін салыстыра отырып, қажетті құжаттар мен материалдарды талдау. |
| | 3. Қарастырып отырған этникалық қақтығыстарды қарастыру барысында аналитикалық, аксиологиялық және әдістемелік талдау дағдыларын игеру. | 3.1 Этникалық қақтығыстарда тән қасыреттердің ерекшеліктерін салыстырып және ескере отырып, оларға қажетті талдау жасау. |
| | | 3.2 Қоғамдық-саяси өмірді талдаудың ерекше формасы ретінде конфликтологияның әдіснамалық принциптері мен қағидаларын, концептуалды аппараттарын меңгеру. |
| | 4. Этникалық қақтығыс жағдайларының мазмұны мен өзгерулерінің республикалық, аймақтық және этникалық аспектілеріне объективтік баға беру; олардың үдерісі мен жүйесіндегі орны мен маңызын игеру. | 4.1 Этникалық қақтығыстардың тұрақсыздандыратын факторларына байланысты өзіндік талдау жасау және сипаттау. |
| | | 4.2 Қазіргі кезеңдегі ұлтаралық жанжалдарға байланысты гуманитарлық саласындағы құнды материалдарды игеру. |
| | 5. Конфликтологияны қарастыру барысында қажетті әдістерін қолданып және т.б. негізгі нысандарын қарастырып сыни тұрғыда баға беру. | 5.1 Этникалық қақтығыстардың шешу технологияларын ескеріп, қазіргі күнгі толық сипаттамасын жасау. |
| | | 5.2 Тақырыпқа байланысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруда қажетті зерттеу нәтижелерін синтездеу және өз ұстанымын әзірлеу. |
| **Пререквизиттер** | Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы | |
| **Постреквизиттер** | Көшпенді өркениет | |
| **Оқу ресурстары** | ***Әдебиет: негізгі, қосымша.***<br>1. Авксентьев В.А. Этническая конфликтология. В 2-х частях. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2010. – 304 с.<br>2. Ванханен Т. Этнические конфликты / Пер. с англ. – М.: Кучково поле, 2014. – 288 с.<br>3. Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.<br>4. Кыдыралина Ж.У. Этнос и религия в Казахстане: история и судьбы. – Астана: Елорда, 2007. – 224 с.<br>5. Сеңгірбай М.Ж. Этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен реттеудің технологиялары (посткеңестік мемлекеттер тәжірибесі). – Алматы, 2012. – 167 б.<br>6. Тутинова Н.Е. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында). – Алматы, 2020. – 157 б.<br>7. Этнические вооруженные конфликты в странах СНГ. – М., 2000. – 102 с.<br>**8.** Язык и этнический конфликт / Под ред. М. Брилл Олкотт и И.Семенова; Моск. Центр Карнеги. – М.: Гендальф, 2001. – 150 с.<br><br>**Зерттеушілік инфрақұрылымы**<br>«Археология, этнология және антропология» ғылыми-зерттеу орталығы – Әл-Фараби<br>«Археология, этнология және музеология кафедрасы, 4-5 кабинет;<br>атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасы, 4-5 кабинет;<br>Дінтану және мәдениеттану кафедрасы; ҚР ҒжЖБ министрлігі Ғылым комитеті<br>«Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Философия, саясаттану және дінтану институты», 2 қабат. | |

| | |
|---|---|
| | **Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы**<br>1.<br>2.<br>**Интернет-ресурстар** (3-5 кем емес)<br>1. http://elibrary.kaznu.kz/ru.<br>2. Этникалық және этномәдени зерттеулердің библиографиялық базасы [Электрондық ресурсы]. - URL: www.jhuccp.org/popwel.stm<br>3. «Этно-Журнал» этнология мен антропологияға арналған ғылыми басылым // http://ethnonet.ru/.<br>4. Международный Центр по изучению конфликтов Университета ООН и Университет Ольстера - http://www.incore.ulst.ak.uk<br>**Программалық қамтамассыздандырылуы** (егер қажет болса)<br>1.<br>2. |

| | |
|---|---|
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.<br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.<br>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail *оқытушының байланыстарын енгізіңіз* немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы *жиналысқа тұрақты сілтеме жасаңыз* кеңестік көмек ала алады.<br>**МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **МООС**-қа тіркелуі қажет. **МООС** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.<br>**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **МООС**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. |

| **БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқу жетістіктерін есептеудің балльдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі** | | | | **Бағалау әдістері** |
| **Баға** | **Баллдардың сандық баламасы** | **% мәндегі баллдар** | **Дәстүрлі жүйедегі баға** | **Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. |
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| A- | 3,67 | 90-94 | | **Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.<br>**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады. | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы | | |
| B | 3,0 | 80-84 | | **Формативті және жиынтық бағалау**<br>Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады | **% мәндегі баллдар**<br>Оқытушы өзінің баллдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді.<br>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді. |
| B- | 2,67 | 75-79 | | Дәрістердегі белсенділік | 5 |
| C+ | 2,33 | 70-74 | | Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 20 |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық | Өзіндік жұмысы | 25 |
| C- | 1,67 | 60-64 | | Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| D+ | 1,33 | 55-59 | Қанағаттанарлықсыз | Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| D | 1,0 | 50-54 | | ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Аптасы | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| | **МОДУЛЬ 1. Конфликт түсінігі: жалпы сипаттамасы** | | |
| 1 | **Д 1.** Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері. | 1 | |
| | **СС 1.** Этникалық конфликтология ғылыми пәні ретінде. | 2 | 10 |
| 2 | **Д 2.** Этноконфликтологияның қайнар көздері мен тарихнамасы. | 1 | |
| | **СС 2.** Этникалық қақтығыстар отандық зерттеулерде. | 2 | 10 |
| | **МОӨЖ 1. МӨЗ 1** орындау бойынша кеңестер. | | |
| 3 | **Д 3.** Қазіргі этникалық қақтығыстардың теориялық мәселелері. | 1 | |
| | **СС 3.** Этнос, халық және ұлт туралы түсінік. | 2 | 10 |
| | **МӨЖ 1.** Этникалық конфликт туралы ғылыми көзқарастардың эволюциясы (сын-пікір, үзінділерінен конспект). | | 15 |
| 4 | **Д 4.** Этникалық қақтығыстардың типологиясы. | 1 | |
| | **СС 4.** Этникалық қақтығыстардың әдістері мен парадигмалары. | 2 | 10 |
| | **МОӨЖ 2.** Конфликтологияның әдіснамалық негіздері | | 15 |
| 5 | **Д 5.** Этникалық қақтығыстардың қозғаушы күштері және мотивациясы. | 1 | |
| | **СС 5.** Этникалық қақтығыстардың түрлері, кезеңдері мен құрылымы. | 2 | 10 |
| 6 | **Д 6.** Этникалық жанжалдарды басқарудың стратегиясы мен әдістері. | 1 | |
| | **СС 6.** Этникалық қақтығыстардың динамикасы. | 2 | 10 |
| 7 | **Д 7.** Зорлық-зомбылықты бейбіт реттеу және трансформациялау. | 1 | |
| | **СС 7.** Этникалық жанжалдардың нәтижесінің мәселелері. | 2 | 10 |
| | **ЗС 7.** | | |
| | **МОӨЖ 2. МӨЗ 2** орындау бойынша кеңестер. | | 15 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Аралық бақылау 1** | | | **100** |
| **МОДУЛЬ 2. Жаһандық және отандық үдерістердегі этникалық конфликтер, нәтижелері мен сабақтастығы** | | | |
| 8 | **Д 8.** Этникалық қақтығыстар және олардың ерекшеліктері. | 1 | |
| | **СС 8.** Этникалық жанжалдар әлеуметтік тұрақсыздық факторы ретінде. | 2 | 5 |
| | **МӨЖ 2.** Этникалық және ұрпақ арасындағы қақтығыстар (диспут). | | 15 |
| 9 | **Д 9.** Этникалық қақтығыстардың нәтижелерінің мәселелері. | 1 | |
| | **СС 9.** Этносаяси қақтығыстардың контекстері. | 2 | 5 |
| 10 | **Д 10.** Этникалық қақтығыстарды басқару. | 1 | |
| | **СС 10.** Этникалық және діни сәйкестіктегі толеранттылық факторлар. | 2 | 5 |
| | **МӨЖ 4.** Этносаралық қақтығыстарды шешудің құқықтық негіздері (жазбаша). | | 15 |
| 11 | **Д 11.** ТМД елдеріндегі ұлтаралық қатынастар және қақтығыстардың ортақ сипаттары. | 1 | |
| | **СС 11.** Оңтүстік Қазақстандағы этникалық қақтығыстар. | 2 | 5 |
| 12 | **Д 12.** Қазақстан этникалық қақтығыстар контекстінде. | 1 | |
| | **СС 12.** Қақтығыстарды басқару психологиясы. | 2 | 5 |
| | **МОӨЖ 5.** МӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру. | | |
| 13 | **Д 13.** Этносаралық қақтығыстар жағдайындағы титулды этностардың орны | 1 | |
| | **СС 13.** Этникалық қақтығыстардың мәдени негіздері. | 2 | 5 |
| | **МӨЖ 3.** Орта Азия республикаларындағы этникалық қақтығыстар | | 15 |
| 14 | **Д 14.** Этникалық қақтығыстарды шешу тәжірибесі. | 1 | |
| | **СС 14.** Қазіргі этникалық қақтығыстарға халықаралық араласу. | 2 | 5 |
| | **ЗС 14.** Тақырып... | | |
| | **МӨЖ 6.** Жетісу аймағындағы этникалық қақтығыстар (диспут). | | 15 |
| **15** | **Д 15.** Этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен реттеуге байланысты ұсыныстар. | 1 | |
| | **СС 15.** Этникалық қақтығыстарды шешу және тоқтату тәжірибесі.<br>**МБӨЖ 7.** Емтиханға дайындық мәселесі бойынша кеңес беру | 2 | **5** |
| **Аралық бақылау 2** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100** |
| **Пән үшін жиынтығы** | | | **100** |

| **Критерий/ балл** | **ДЕСКРИПТОРЛАР** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Өте жақсы»** | **«Жақсы»** | **«Қанағаттанарлық»** | **«Қанағаттанарлықсыз»** | |
| | **90–100% (27-30 балл)** | **70–89% (21-26 балл)** | **50–69% (15-20 балл)** | **25–49% (8-14 балл)** | **0–24% (0-7 балл)** |
| **Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну** | "Өте жақсы" деген баға ұлтаралық жанжал мәселесін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу. | "Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін. | "Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды. | Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау. | Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |
| **Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты** | Ұлтаралық жанжалға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың | Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық | Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. | Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар | Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **практикалық тапсырмаларға қолдану** | мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу. | аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау. | практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады. | жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар. | келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |
| **Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі** | Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау. | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді. | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы. | Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған. | Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

**Декан** ______________________________ **Байгунаков Д.С.**

**Кафедра меңгерушісі** ______________________ **Жұматаев Р.С.**

**Дәрісқер** ______________________________ **Қалыш А.Б.**